

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:
www.philips.com/welcome



DTM9030



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1 Қауіпсіздік және ескерту 2

Қауіпсіздік	2
Ескерту	4

2 Қондырмалы ойын-сауық жүйеңіз 6

Кіріспе	6
Қораптың құрамы	6
Негізгі динамикке шолу	7
Қашықтан басқару құралына шолу	8

3 Жұмысты бастау 10

Динамик кабельдерін қосу	10
FM антеннасын жалғау	11
Қуатты қосу	11
Қашықтан басқару құралын дайындау	11
Сағатты орнату	12
Қосу	12

4 Ойнату 13

Дискіден ойнату	13
USB құрылғысынан ойнату	13

5 Ойнату опциялары 14

Ойнатуды уақытша тоқтату/ жалғастыру	14
Ойнатуды тоқтату	14
Жолға өту	14
Жолда іздеу	14
Қайталап немесе кездейсоқ ойнату	14
Жолдарды бағдарламалау.	14
ID3 ақпаратын көрсету	15

6 Bluetooth бар құрылғыдан ойнату 16

7 iPod/iPhone құрылғысынан ойнату 17

Үйлесімді iPod/iPhone	17
iPod/iPhone құрылғысын салу	17
iPod/iPhone құрылғысын тыңдау	17
iPod/iPhone құрылғысын зарядтау	18
iPod/iPhone құрылғысын алу	18

8 Радио тыңдау 19

Радио станцияға реттеу	19
Сtereo/моно хабар таратуды таңдау	19
Радио стансаларды бағдарламаға енгізу	19
Алдан ала орнатылған радио станцияны таңдау	20
Ойнату ақпаратын көрсету	20

9 Дыбыс реттеу 21

Дыбыс деңгейін реттеу	21
Басс/жоғары жиілікті дыбыс деңгейін реттеу	21
Дыбысты өшіру	21

10 Басқа мүмкіндіктер 22

Ұйқы таймерін орнату	22
Оятқыш таймерін орнату	22
Сыртқы құрылғыдан ойнату	22

11 Өнім туралы ақпарат 24

Ерекшеліктер	24
USB құрылғысының ойнатылатыны туралы мәліметтер	25
Қолдау көрсетілетін MP3 дис форматтары	25

12 Ақаулықтарды жою 26

1 Қауіпсіздік және ескерту

Өнімді қолданар алдында барлық нұсқауларды оқып, түсініп алған жөн. Нұсқауларды орындау қателігінен ақаулық туындаса, кепілдік қолданылмайды.

Қауіпсіздік



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы қорабын шешуші болмаңыз.
- Бұл құрылғының ешбір бөлігін майлаушы болмаңыз.
- Құрылғыны басқа электр құрылғыларының үстіне қоюшы болмаңыз.
- Бұл құрылғыны күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызудан алыс ұстаныңыз.
- Бұл құрылғыдағы лазер сәулесіне ешқашан қарамаңыз.
- Бұл құрылғыны қуат көзінен ажырату үшін қуат сымна, штепсельге немесе адаптерге әрдайым оңай қол жетуін қамтамасыз етіңіз.

- ① Осы нұсқауларды оқыңыз.
- ② Осы нұсқауларды сақтап қойыңыз.
- ③ Барлық ескертулерді ескеріңіз.
- ④ Барлық нұсқауларды орындаңыз.
- ⑤ Бұл құрылғыны судың жанында қолданбаңыз.
- ⑥ Тек құрғақ шүберекпен тазалаңыз.
- ⑦ Желдету саңылауларын бітемеңіз. Өндірушінің нұсқауларына сәйкес орнатыңыз.
- ⑧ Радиаторлар, жылытқыштар, пештер немесе жылу шығаратын басқа құрылғылар (соның ішінде күшейткіштер) сияқты жылу көздеріне жақын орнатпаңыз.

- ⑨ Қуат сымна, атап айтқанда, ашаларынан, розеткаларынан және құрылғыдан шығып тұрған жерінен басылып немесе қысылып қалудан қорқаңыз.
- ⑩ Тек өндіруші көрсеткен қосымшаларды/қосалқы құралдарды қолданыңыз.
- ⑪ Тек өндіруші көрсеткен немесе құрылғымен бірге сатылатын арбашамен, тірекпен, ұштағанмен, кронштейнмен немесе үстемен бірге пайдаланыңыз. Арбаша пайдаланылғанда, арбаша/құрылғы екеуін жылжытқанда аударылып кетіп жарақат алмау үшін сақ болыңыз.



- ⑫ Найзағай ойнағанда немесе ұзақ уақыт қолданылмағанда, бұл құрылғыны ток көзінен ажыратыңыз.
- ⑬ Барлық қызмет көрсету жұмыстарын білікті қызмет көрсетуші мамандарға істетіңіз. Құрылғының қуат сымна немесе штепсельдік ұшы зақымдалған болса, оған су тиіп немесе үстіне заттар түсіп кеткен болса, аппаратқа жаңбыр немесе ылғал заттар тисе, ол дұрыс жұмыс істемей тұрса немесе құлап қалған және тағы да басқаша зақымдалған болса, қызмет көрсетуді қажет етеді.
- ⑭ Құрылғыға сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.
- ⑮ Құрылғының үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.
- ⑯ Желі істікшесі немесе құралды жалғаушы ажырату құрылғысы ретінде

қолданылғанда ажырату құрылғысы жұмыс істеуге дайын күйінде қалады.

- ⑰ Желдету үшін өнім айналасында жеткілікті бос орын бар екеніне көз жеткізіңіз.
- ⑱ Батареялар (батарея топтамасы немесе орнатылған батареялар) күн сәулесі, от немесе соған ұқсас шамадан тыс қызу әсеріне ұшырамауы тиіс.

Біріккен Корольдіктегі пайдаланушылар үшін маңызды ескертпелер.

Енгізу сақтандырғышы

Бұл ақпарат тек Ұлыбританияға арналған штепсельдік ұшы бар өнімдерге қатысты.

Бұл өнімде мақұлданған үлгідегі штепсельдік ұш бар. Сақтандырғышты ауыстырған жағдайда, онда төмендегілер болуы керек:

- штепсельдік ұшта көрсетілген мәндер;
- BS 1362 мақұлдауы; және
- ASTA мақұлдау белгісі.

Пайдаланылатын сақтандырғыш түрі сенімді болмаса, дилеріңізге хабарласыңыз.

Ескерту: ЭМӨ директивасына сәйкес (2004/108/ЕС), штепсельдік ұшты қуат сымынан ажыратпаңыз.

Штепсельдік ұшты қосу жолы

Қуат сымындағы сымдар келесі түстермен боялған: көк = бейтарап (N), қоңыр = жанды (L).

Түстер штепсельдік ұштағы түстерге сәйкес келмесе, штепсельдік ұштағы ұштарды келесі түрде анықтаңыз:

- 1 Көк сымды N деп таңбаланған немесе қара түспен боялған ұшына жалғаңыз.
- 2 Қоңыр сымды L деп таңбаланған немесе қызыл түсті сымға жалғаңыз.
- 3 Ешбір сымды E (немесе e) деп таңбаланған немесе жасыл түске боялған

(немесе жасыл және сары) штепсельдік ұштағы жерге тұйықтау қысқышына жалғамаңыз.

Штепсельдік ұштың қақпағын салмас бұрын, сым ұстатқышының кабельдегі сымдар бойына ғана емес, кабель бойына қыстырылғанын тексеріңіз.

Өнім күтімі

- Диск бөлігіне дискіден өзге ешнәрсе салуға болмайды.
- Диск бөлігіне майысқан немесе жарылған дискілерді салуға болмайды.
- Егер өнімді ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, диск бөлімінен дискілерді алып тастаңыз.
- Өнімді тек микроталшықты шүберектермен тазалаңыз.

Қоршаған ортаны қуту



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Бұйымдағы сызылған дөңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымдың Еуропалық 2002/96/ЕС нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді.

Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лақтыру жергілікті ережелерімен танысып алыңыз.

Жергілікті ережелерді сақтап, ескірген бұйымдарды әдепкі қоқысқа қоспай, жеке лақтыруыңызды өтініміз. Ескі бұйымыңызды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсерін тигізуден сақтайды.



Сіздің бұйымыңызда 2006/66/ЕС Еуропалық директивасына сәйкестендірілген қондырылған қайта жандандыруға болатын батарея бар, оны кәдімгі тұрмыстық қалдық ретінде лақтыруға болмайды. Батареяларды қоқысқа тастау жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Себебі бұйымдарды қоқысқа лақтыру ережелерін сақтау қоршаған ортаға және адам денсаулығына көрсететін кері әсерлерден сақтайды.



Ескертпе

- Типтік кесте құрылғының артқы жағында орналасқан.

Ескерту

CE 0560 EAC

Осы құжат арқылы WOOX Innovations компаниясы бұл өнімнің 1999/5/EC директивасының негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік туралы декларацияны www.philips.com/support сайтынан табуыңызға болады.

WOOX Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.

Philips және Philips Shield Emblem — Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері және оларды WOOX Innovations Limited компаниясы Koninklijke Philips N.V. компаниясынан алған лицензия бойынша пайдаланады.

Техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертіледі. WOOX кез келген уақытта бұрынғы жеткізілген жабдықтарды тиісінше реттеу міндетінсіз өнімдерді өзгерту құқығын өзінде қалдырады.



**Be responsible
Respect copyrights**

Көшіруден қорғалған материалдың, соның ішінде компьютерлік бағдарламалардың, файлдардың, телерадио хабарлары мен дыбыстық жазбалардың көшірмелерін рұқсатсыз жасау авторлық құқықты бұзу және қылмыстық іс болуы мүмкін. Бұл жабдықты осындай мақсаттарда пайдаланылмауы тиіс.



Windows Media және Windows логотипі АҚШ-тағы және басқа елдердегі Microsoft корпорациясының тіркелген сауда белгілері болып табылады.

Made for



iPod iPhone

«iPod үшін жасалған» және «iPhone үшін жасалған» электрондық қосалқы құралдың арнайы iPod немесе iPhone құрылғысына қосылу үшін жасалғанын, сәйкесінше Apple

өнімділік стандарттарына сәйкес келу үшін әзірлеуші тарапынан куәландырылғанын білдіреді. Apple компаниясы бұл құрылғының жұмысына немесе оның қауіпсіздік және нормалық стандарттарға сәйкестігіне жауапты емес. Осы қосалқы құралды iPod немесе iPhone құрылғысымен пайдалану сымсыз жұмысқа әсер етуі мүмкін екендігін ескеріңіз.

iPod және iPhone — Apple Inc. корпорациясының АҚШ-та және басқа елдерде тіркелген сауда белгілері.

Bluetooth

Bluetooth® сөз белгісі мен логотиптері Bluetooth SIG, Inc. корпорациясының иелігіндегі тіркелген сауда белгілері болып табылады және мұндай белгілерді WOOX Innovations әрдайым лицензияға сәйкес пайдаланады.



© 2013 CSR plc және оның компаниялар тобы.

aptX® белгісі мен aptX логотипі — CSR plc немесе оның компаниялар тобының бірінің сауда белгісі және олар бір немесе бірнеше юрисдикцияда тіркелген болуы мүмкін.

2 Қондырмалы ойын-сауық жүйеңіз

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді www.philips.com/welcome торабында тіркеңіз.

Кіріспе

Осы құрылғымен мына әрекеттерді орындауға болады:

- дискілердегі, USB құрылғыларындағы, iPod/iPhone, Bluetooth құрылғыларындағы және басқа сыртқы құрылғылардағы дыбысты тыңдау
- радио станцияларды тыңдау



Құрылғы келесі мультимедиялық форматтарды қолдайды:



Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз.

- Негізгі бөлік
- Екі AAA батареясы бар қашықтан басқару құралы
- Ток сымы
- Динамик жалғау кабелі
- FM антеннасы
- Басып шығарылған материалдар



① Bluetooth көрсеткіші

②

- USB ұясы.

③

- Дискіні шығарыңыз.

④ Диск бөлімі

⑤ Қондырма жабыны

- Қондырма коннекторларын шығару үшін көтеріңіз.

⑥ 30 істікті байланысы бар iPod/iPhone құрылғысының қондырмасы

⑦ Жарық байланысы бар iPod/iPhone құрылғысының қондырмасы

⑧ Дисплейлі панель

- Ағымдағы күйін көрсетіңіз.

⑨ +/-

- Дыбыс деңгейін реттеу.


⑩

- Диск/USB/Қондырма ресурсында алдыңғы/келесі трекке өткізу үшін түртіңіз.
- Диск/USB/Қондырма ресурсында тректің ішінен іздеу үшін басып тұрыңыз.
- Тюнер ресурсында радио стансаны баптау үшін түртіңіз.
- Сағат пен таймер орнату үшін түртіңіз.

⑪

- Құрылғыны қосыңыз.
- Күту режиміне немесе қуат үнемдеу режиміне ауыстырыңыз.

Қашықтан басқару құралына шолу



- ① **Power**
 - Құрылғыны қосыңыз.
 - Күту режиміне немесе қуат үнемдеу режиміне ауыстырыңыз.
- ② **AUDIO IN/AUX**
 - 3,5 мм немесе RCA (қызыл/ақ) аудио кіріс ресурсын таңдаңыз.
- ③ **USB**
 - USB ресурсын таңдаңыз.
- ④ **DOCK/MENU**
 - Қондырма (IPOD_IPHONE) ресурсын таңдаңыз.
 - iPod/iPhone мәзіріне кіру.

- ⑫ **Play/Pause**
 - Ойнатуды бастау немесе уақытша тоқтату.
- ⑬ **Stop**
 - Ойнатуды тоқтату немесе бағдарламаны өшіру.
- ⑭ **SOURCE**
 - Ресурс таңдаңыз: DISC, USB, FM TUNER, dock (IPOD_IPHONE), BLUETOOTH, AUX, AUDIO_IN, OPTICAL немесе COAXIAL.
- ⑮ **BT SETUP**
 - (Басу және ұстап тұру) бар жұптастыру туралы ақпаратты жою.
- ⑯ **AUX IN (L/R)**
 - RCA (қызыл/ақ) аудио кіріс ұялары.
- ⑰ **FM AERIAL**
 - FM антенна байланысының ұялары.
- ⑱ **Динамик конекторлары**
 - Динамик байланысының ұялары.
- ⑲ **AC~MAINS**
 - Қуат көзінің розеткасы.
- ⑳ **AUDIO IN**
 - 3,5 мм аудио кіріс ұясы.
- ㉑ **OPTICAL IN**
 - Оптикалық кіріс ұясы.
- ㉒ **COAXIAL IN**
 - Коаксиалды кіріс ұясы.

⑤ PAIRING 0

- Bluetooth ресурсын таңдаңыз.

⑥ ALBUM +/- ▲ / ▼

- Алдыңғы/келесі альбомға өту.
- iPod/iPhone мәзірінде жылжу.

⑦ OK/INFO/RDS

- Таңдауды растау.
- Ойнап тұрғанда дисплей туралы ақпаратты таңдаңыз.
- Радио деректер жүйесі (RDS) ақпаратын көрсетіңіз.

⑧ ◀◀ / ▶▶

- Диск/USB/Қондырма ресурсында тректің ішінен іздеу үшін басыңыз.
- Тюнер ресурсында радио стансаны баптау үшін басыңыз.
- iPod/iPhone мәзірінде жылжу.

⑨ BASS/TREBLE

- Басс/жоғары жиілікті дыбыс деңгейін реттеу.

⑩ ■

- Ойнатуды тоқтату немесе бағдарламаны өшіру.

⑪ ◀ / ▶

- Диск/USB/Қондырма ресурсында алдыңғы/келесі трекке өткізу үшін басыңыз.
- Сағат пен таймерді орнатыңыз.
- Алдын ала орнатылған радио станцияны таңдау.

⑫ 0x

- Дыбысты өшіру немесе қалпына келтіру.

⑬ Сандық пернетақта

- Трек таңдаңыз.
- Алдын ала орнатылған радио станцияны таңдау.

⑭ TIMER/SLEEP

- Ұйқы таймерін орнатыңыз.
- Оятар таймерін орнатыңыз.

⑮ PROG/CLOCK SET

- Диск/USB ресурсында тректерді бағдарламаға енгізу үшін басып тұрыңыз.
- Тюнер ресурсында радио стансаларды бағдарламаға енгізу үшін басып тұрыңыз.
- Күту режимінде сағат орнату үшін басып тұрыңыз.

⑯ VOL +/-

- Дыбыс деңгейін реттеу.

⑰ ▶▶

- Ойнатуды бастау немесе уақытша тоқтату.

⑱ MODE/MONO/STEREO

- Қайталау/еркін ойнату режимін таңдаңыз.
- Тюнер режимінде СТЕРЕО және МОНО режимді ауыстырып қосыңыз.

⑲ OPT/COAX

- Коаксиалды немесе оптикалық кіріс көзін таңдаңыз.

⑳ FM

- FM тюнер көзін таңдаңыз.

㉑ DISC

- Диск көзін таңдаңыз.

3 Жұмысты бастау



Ескерту


- Осы жердегіден басқа басқару элементтерін пайдалану, реттеулер немесе жұмыс процедураларын орындау зиянды радиацияның шығуын немесе қауіпсіз жұмысты тудыруы мүмкін.

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.

Philips компаниясына хабарлассаңыз, сізден осы құрылғының моделін және сериялық нөмірін сұрайды. Модель нөмірі және сериялық нөмір құрылғының артқы жағында орналасқан. Осы жерге нөмірлерді жазыңыз:

Үлгі нөмірі _____

Сериялық нөмір _____



Динамик кабельдерін қосу



Ескертпе

- Әрбір динамик сымының жалаңаш бөлігін ұяшыққа толықтай енгізіңіз.
- Оңтайлы дыбыс үшін тек берілген динамиктерді пайдаланыңыз.



- 1 Динамик коннекторларын бұрап шығарыңыз.
- 2 Динамик кабелінің қызыл белгісі бар шетін сол жақ қызыл (+) коннектор ішіне толықтай енгізіңіз.
- 3 Кабельге бекіту үшін сол жақ қызыл (+) коннекторын бұраңыз.
- 4 Динамик кабелінің қызыл белгі жоқ шетін сол жақ қара (-) коннектор ішіне толықтай енгізіңіз.
- 5 Кабельге бекіту үшін сол жақ қара (-) коннекторын бұраңыз.
- 6 Басқа динамик кабелін оң жақ коннекторларына енгізу үшін 2-5 қадамдарын қайталаңыз.

FM антеннасын жалғау



Кеңес

- Оңтайлы қабылдау үшін антеннаны толығымен ұзартыңыз және күйін реттеңіз.
- Жинақтағы FM антеннасын негізгі динамиктің артындағы **FM AERIAL** ұясына жалғаңыз.



Қашықтан басқару құралын дайындау



Ескерту

- Жарылу қаупі бар! Батареяларды қызудан, күн сәулесінен немесе оттан алыс ұстаңыз. Батареяларды отқа тастамаңыз.

Қуатты қосу






Ескерту

- Өнімді бұзып алу қаупі! Қуат көзінің кернеуі құрылғының артқы жағында немесе астында көрсетілген кернеуге сәйкес екенін тексеріңіз.
- Ток соғу қаупі бар! Айнымалы ток шнурын ажыратқанда, ашаны әрқашан розеткадан суырыңыз. Сымды ешқашан тартпаңыз.
- Айнымалы ток сымын жалғарда, барлық басқа байланыстар орнатылғанына көз жеткізіп алыңыз.
- Электр шнурын мынаған қосыңыз:
 - негізгі динамиктің артқы жағындағы **AC~MAINS** ұяшығына және
 - розеткаға.

Қашықтан басқару құралының батареясын салу үшін:

- 1 Батарея бөлімін ашыңыз.
- 2 AAA батареясын көрсетілгендей дұрыс қаратып (+/-) салыңыз.
- 3 Батарея бөлімін жабыңыз.



Ескертпе

- Қашықтан басқару құралын ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, батареяларын шығарып қойыңыз.
- Ескі және жаңа немесе әр түрлі батареяларды бірге пайдаланбаңыз.
- Батареяларда химиялық заттар болуы мүмкін, сондықтан оларды қоқысқа дұрыс тастау керек.

Сағатты орнату

- 1 Күту режимінде сағат орнату режимін іске қосу үшін **PROG/CLOCK SET** түймесін екі секундтан артық басып тұрыңыз.
↳ 12 немесе 24 сағаттық формат көрінеді.
- 2 12 немесе 24 сағаттық форматты таңдау үшін **◀ / ▶** түймесін басыңыз, сосын **PROG/CLOCK SET** түймесін басыңыз.
↳ Сағат сандары көрсетіліп, жыпылықтай бастайды.

- 3 Сағатты орнату үшін **◀ / ▶** түймесін басыңыз, сосын **PROG/CLOCK SET** түймесін басыңыз.
↳ Минут сандары көрсетіліп, жыпылықтай бастайды.
- 4 Минутты орнату үшін **◀ / ▶** түймесін басыңыз.
- 5 Растау үшін, **PROG/CLOCK SET** түймесін басыңыз.

Қосу

- **⏻** түймесін басыңыз.
↳ Құрылғы соңғы таңдалған көзге ауысады.

Күту күйіне қосу

- Құрылғыны күту режиміне ауыстыру үшін **⏻** түймесін басыңыз.
↳ Дисплейдегі артқы жарық азайтылады.
↳ Сағат (қойылса) дисплейге шығады.

Қуат үнемдеу режиміне ауыстыру үшін:

- **⏻** түймесін екі секундтан аса басып тұрыңыз.
↳ Дисплей панеліндегі артқы жарық өшеді.

Қалыпты күту режимі мен қуат үнемдеу режимі арасында ауыстырып қосу үшін:

- **⏻** түймесін екі секундтан аса басып тұрыңыз.



Ескертпе

- Егер күту режимінде ешқандай түйме 15 минуттан аса басылмаса, бұл құрылғы қуат үнемдейтін күту режиміне автоматты түрде өтеді.

4 Ойнату


Дискіден ойнату



Ескертпе

- Бұл құрылғы 8 см дискпен үйлеспейді.

- 1 Диск көзін таңдау үшін **DISC** түймесін басыңыз.
- 2 Дискіні жазулы жағын өзіңізге қаратып дисксалғышқа салыңыз.
 - ↳ Файл автоматты түрде ойнатыла бастайды. Егер ойнатылмаса, ►|| түймесін басыңыз.
 - Дисксалғыштан дискіні шығару үшін негізгі динамиктің жоғарғы жағындағы ▲ түймесін басыңыз.




USB құрылғысынан ойнату



Ескертпе

- USB құрылғысында ойнатылатын аудио мазмұнның бар екеніне көз жеткізіңіз.

- 1 USB көзін таңдау үшін **USB** түймесін басыңыз.
- 2 USB құрылғысын негізгі динамиктің артындағы  (USB) ұясына қосыңыз.
 - ↳ Файл автоматты түрде ойнатыла бастайды. Егер ойнатылмаса, ►|| түймесін басыңыз.



5 Ойнату опциялары

Ойнатуды уақытша тоқтату/жалғастыру

- Ойнап тұрғанда ойнатуды уақытша тоқтату/жалғастыру үшін ►|| түймесін басыңыз.

Ойнатуды тоқтату

- Ойнап тұрғанда ойнатуды тоқтату үшін ■ түймесін басыңыз.

Жолға өту

CD үшін:

- Басқа жолды таңдау үшін ◀/▶ түймесін басыңыз.
 - Тректі тікелей таңдау үшін сандық пернетақтадағы пернені басыңыз.

MP3 дискісі және USB үшін:

- 1 Альбом не қалта таңдау үшін **ALBUM +/- ▲/▼** түймесін басыңыз.
- 2 Трек не файл таңдау үшін **◀/▶** түймесін басыңыз.

Жолда іздеу

- 1 Ойнап тұрғанда тректің ішінен іздеу үшін ◀◀/▶▶ түймесін басыңыз.
- 2 Қалыпты ойнатуды жалғастыру үшін босатыңыз.

Қайталап немесе кездейсоқ ойнату

- 1 Ойнату кезінде келесіні таңдау үшін **MODE/MONO/STEREO** түймесін қайталап басыңыз:
 -  (біреуін қайталау): ағымдағы трек қайталап ойнатылады.
 -  (барлығын қайталау): барлық трек қайталап ойнатылады.
 -  (еркін): барлық трек еркін ретпен ойнатылады.
- 2 Қалыпты ойнатуға оралу үшін қайталау/еркін ойнату режимі көрсетілмей қалғанша **MODE/MONO/STEREO** түймесін қайталап басыңыз.



Ескертпе

- Қайталау және еркін ойнатуды бір уақытта іске қосу мүмкін емес.
- Бағдарламаға енгізілген тректерді ойнатқанда еркін ойнатуды таңдау мүмкін емес.

Жолдарды бағдарламалау.

Ең көбі 20 жолға дейін бағдарламалай аласыз.

- 1 Бағдарлама режимін іске қосу үшін CD/USB режимінде тоқтап тұрған кезде **PROG/CLOCK SET** түймесін басыңыз.
↳ **[PROG]** (бағдарлама) дисплейде жапылықтайды.
- 2 MP3/WMA тректері үшін **ALBUM +/- ▲/▼** түймесін басып, альбом таңдаңыз.
- 3 Трек нөмірін таңдау үшін **◀/▶** түймесін басыңыз, сосын растау үшін **PROG/CLOCK SET** түймесін басыңыз.
- 4 Басқа тректерді бағдарламаға енгізу үшін 2-3 қадамдарды қайталаңыз.

- 5 Бағдарламаланған жолдарды ойнату үшін
- ▶■ түймесін басыңыз.
 - ↳ Ойнап тұрғанда [PROG] (бағдарлама) дисплейге шығады.
 - Бағдарламаны өшіру үшін, тоқтату позициясында ■ түймесін басыңыз.



ID3 ақпаратын көрсету

- Диск режимінде мына ақпаратты көрсету үшін **OK/INFO/RDS** түймесін басыңыз:
 - Трек нөмірі
 - Ойнату уақыты
 - Тақырып атауы
 - Орындаушы аты
 - Альбом атауы

6 Bluetooth бар құрылғыдан ойнату

Ескертпе

- Құрылғыға Bluetooth құрылғысын қоспастан бұрын, құрылғының Bluetooth мүмкіндіктерімен танысып алыңыз.
- Құрылғыны кедергі келтіруі мүмкін электрондық құрылғылардан алыс ұстаңыз.
- Құрылғы мен жұптастырылған құрылғы арасындағы тиімді жұмыс ауқымы шамамен 10 метр (30 фут) болады.
- құрылғылар арасындағы кедергі жұмыс ауқымын төмендетуі мүмкін.



Кеңес

- Егер құрылғы Bluetooth ресурсын басқа ресурстарға ауысса, қосылған Bluetooth құрылғысы автоматты түрде ажырайды.
- Құрылғы 8-ге дейін алдында қосылған Bluetooth құрылғыларын есте сақтай алады.

Bluetooth қолдайтын құрылғыны ажырату үшін:

- Құрылғыда Bluetooth функциясын өшіріңіз немесе
- құрылғыны байланыс ауқымынан тыс жылжытыңыз.

Bluetooth жұптастыру журналын тазалау үшін:

- Нерізгі динамиктегі **BT SETUP** түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.
 - ↳ Ағымдағы Bluetooth қосылымы ажыратылады.
 - ↳ Сәтті өшіруден кейін Bluetooth индикаторы көк болып жыпылықтайды.

- 1 Bluetooth құрылғысын таңдау үшін **PAIRING 0** түймесін басыңыз.
 - ↳ Bluetooth көрсеткіші көк түсті болып жыпылықтайды.
- 2 Bluetooth құрылғысындағы Bluetooth функциясын іске қосыңыз (құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).
- 3 Жұптастыру үшін құрылғыдағы «PHILIPS DTM9030» тармағын таңдаңыз.
 - ↳ Bluetooth индикаторы көкпеңбек болып жанады.
 - ↳ Құрылғы дыбыстық белгі береді.
 - Кейбір құрылғылар үшін жұптастыру коды ретінде «0000» енгізу керек болуы мүмкін.
- 4 Bluetooth құрылғысында музыка ойната бастаңыз.

7 iPod/iPhone құрылғысынан ойнату

Осы құрылғы арқылы iPod/iPhone дыбысын тыңдауға болады.

Үйлесімді iPod/iPhone

Біртұтас қос қондырмамен құрылғы төмендегі iPod және iPhone модельдеріне қолдау көрсетеді:

Төмендегілерге арналып жасалған (жарық байланысы):

- iPhone 5
- iPod nano (7-буын)
- iPod touch (5-буын)

Сонымен бірге төмендегілерге арналып жасалған (30 істікті байланыс):

- iPhone 4S
- iPhone 4
- iPhone 3GS
- iPhone 3G
- iPhone
- iPod nano (2-ші/3-ші/4-ші/5-ші/6-шы буын)
- Классикалық iPod
- iPod touch (1-ші/2-ші/3-ші/4-ші буын)

iPod/iPhone құрылғысын салу




Ескертпе

- Әр уақытта бір-ақ қондырманы пайдалануға болады.

1 Қондырма жабынын көтеріңіз.

2 iPod/iPhone қондырмасын жарық немесе 30 істікті қондырма коннекторына жалғаңыз.



iPod/iPhone құрылғысын тыңдау



Ескертпе

- iPod/iPhone берік орнатылғанын тексеріңіз.

1 Қондырма ресурсын таңдау үшін **DOCK/MENU** түймесін басыңыз.

2 Дыбысты iPod/iPhone құрылғысында ойнатыңыз.

- Мәзірде жүру үшін **DOCK/ MENU** түймесін басыңыз, сосын таңдау үшін **▲ / ▼ / ◀▶** түймесін басыңыз, сосын растау үшін **OK/INFO/RDS** түймесін басыңыз.
- Ойнатуды уақытша тоқтату/ жалғастыру үшін **▶||** түймесін басыңыз.
- Трекке өту үшін **◀ / ▶** түймесін басыңыз.
- Ойнап тұрғанда іздеу үшін **◀ / ▶** түймесін басып тұрыңыз, сосын қалыпты ойнатуды қалпына келтіру үшін жіберіңіз.

iPod/iPhone құрылғысын зарядтау

- Құрылғы ток көзіне қосылғанда, қондырмадағы iPod/iPhone автоматты түрде зарядтала бастайды.

iPod/iPhone құрылғысын алу

- iPod/iPhone құрылғысын доктан тартып шығарыңыз.

8 Радио тыңдау

Радио станцияға реттеу



Кеңес

- FM жиілігін оңтайлы қабылдау үшін FM антеннасын толық шығарып, орнын дұрыстаңыз.

- 1 FM тюнер көзін таңдау үшін **FM** түймесін басыңыз.
- 2 **◀◀ / ▶▶** түймесін екі секундтан аса басып тұрыңыз.
 - ↳ **[SEARCH]** (іздеу) дисплейге шығады.
 - ↳ Радио күшті қабылдау сигналы бар станцияға автоматты түрде реттеледі.
- 3 Көбірек станцияларды реттеу үшін 2-қадамды қайталаңыз.
 - Әлсіз станцияны реттеу үшін оңтайлы қабылдау сигналы табылғанша **◀◀ / ▶▶** түймесін қайталап басыңыз.

Стерео/моно хабар таратуды таңдау

Сигналдары әлсіз стансалар үшін: қабылдауды жақсарту үшін моно дыбысқа өзгертіңіз.

- FM тюнер ресурсында параметр таңдау үшін **MODE/MONO/STEREO** түймесін басыңыз:
 - **[STEREO]**: стерео хабар тарату.
 - **[MONO]**: моно хабар тарату.

Радио стансаларды бағдарламаға енгізу



Кеңес

- Ең көбі 20 сақтаулы радио стансаны бағдарламаға енгізуге болады.

Радио станцияларды автоматты түрде бағдарламалау

- FM тюнер режимінде автоматты бағдарламалау режимін іске қосу үшін **PROG/CLOCK SET** түймесін екі секундтан артық басып тұрыңыз.
 - ↳ **[AUTO SRCH]**(авто іздеу) дисплейге шығады.
 - ↳ Барлық қол жетімді станциялар толқын жиілігін қабылдау сигналының күшінің ретімен бағдарламаланады.
 - ↳ Бірінші бағдарламаланған радио станция автоматты түрде таратылады.

Радио станцияларды қолмен бағдарламалау

- 1 Радиостансаны реттеу.
- 2 Бағдарлама режимін белсендіру үшін **PROG/CLOCK SET** түймесін басыңыз.
 - ↳ **[PROG]** (бағдарлама) дисплейде жыпылықтайды.
- 3 Осы радио станцияға (1-ден 20-ға дейін) нөмір беру үшін **1◀ / ▶1** түймесін, одан кейін құптау үшін **PROG/CLOCK SET** түймесін басыңыз.
 - ↳ Алдын ала орнатылған нөмір мен радио станция жиілігі көрсетіледі.
- 4 Басқа станцияларды бағдарламалау үшін жоғарыдағы қадамдарды қайталаңыз.



- Бағдарламаланған станцияны қайта жазу үшін, оның орнына басқа станцияны сақтаңыз.

Алдан ала орнатылған радио станцияны таңдау

- Сақтаулы нөмірді таңдау үшін FM тюнер режимінде **◀/▶** түймесін басыңыз.
 - Сондай-ақ, сақтаулы нөмірді тікелей таңдау үшін сандық пернені басыңыз.

Ойнату ақпаратын көрсету

Радио деректер жүйесі (RDS) — FM стансаларына қосымша ақпарат көрсетуге мүмкіндік беретін қызмет.

- FM тюнер режимінде RDS ақпаратын көрсету үшін **OK/INFO/RDS** түймесін қайталап басыңыз.

9 Дыбыс реттеу

Дыбыс деңгейін реттеу

- Ойнату кезінде дыбыс деңгейін жоғарылату/төмендету үшін **VOL +/-** түймесін басыңыз.

Басс/жоғары жиілікті дыбыс деңгейін реттеу

- Ойнап тұрғанда басс/жоғары жиілікті дыбыс деңгейін реттеу үшін **BASS/TREBLE** түймесін қайталап басыңыз.

Дыбысты өшіру

- Ойнату кезінде дыбысты өшіру немесе қалпына келтіру үшін **✖** түймесін басыңыз.

10 Басқа мүмкіндіктер

Ұйқы таймерін орнату

Бұл құрылғы күту режиміне белгіленген уақыт кезеңінен кейін қосылады.

- Құрылғы қосылғанда, белгіленген уақыт кезеңін (минут) таңдау үшін **TIMER/SLEEP** түймесін қайталап басыңыз.

Ұйқы таймері іске қосылғанда, **SLEEP** (ұйқы) көрсетіледі.

Ұйқы таймерін өшіру үшін

- **TIMER/SLEEP** түймесін қайталап бассаңыз, **SLEEP** (ұйқы) өшіп қалады.

Оятқыш таймерін орнату

Бұл қондырмалы жүйені оятар етіп пайдалануға болады. CD, FM TUNER, iPod/iPhone немесе USB ресурсын оятар ресурсы етіп таңдауға болады.



Ескертпе

- Сағаттың дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

- 1 Күту режимінде [**SET TIMER**] (таймер орнату) дисплейге шыққанша **TIMER/SLEEP** түймесін басып тұрыңыз.
- 2 Ресурс таңдау үшін **DISC**, **USB**, **DOCK/MENU** немесе **FM** түймесін басыңыз.
- 3 Растау үшін, **TIMER/SLEEP** түймесін басыңыз.
 - ↳ Сағат сандары көрсетіліп, жыпылықтай бастайды.

- 4 Сағатты орнату үшін **◀ / ▶** түймесін басыңыз, сосын **TIMER/SLEEP** түймесін қайтадан басыңыз.
 - ↳ Минут сандары көрсетіліп, жыпылықтай бастайды.
- 5 Минутты орнату үшін **◀ / ▶** түймесін басыңыз.
- 6 Растау үшін, **TIMER/SLEEP** түймесін басыңыз.
 - ↳ Оятар таймері қойылып іске қосылады.



Ескертпе

- Оятар таймерінен сақтамай шығу үшін **■** түймесін басыңыз.

Оятар таймерін іске қосу/өшіру

- Күту режимінде оятар таймерін іске қосу не өшіру үшін **TIMER/SLEEP** түймесін қайталап басыңыз.
 - ↳ Егер оятар таймері іске қосылса, **TIMER** (таймер) көрсетіледі
 - ↳ Егер оятар таймері өшірілсе, **TIMER** (таймер) өшіп қалады.



Ескертпе

- Егер CD/USB/DOCK ресурсы таңдалып, диск салынбаса немесе USB/iPod/iPhone қосылмаса, FM TUNER автоматты түрде таңдалады.

Сыртқы құрылғыдан ойнату

Сондай-ақ, құрылғы арқылы сыртқы аудио құрылғыны тыңдауға болады.

AUDIO IN ұясы арқылы жалғаңыз:

- 1 3,5 мм аудио кабельді (жинақта берілмеген) төмендегілерге жалғаңыз:
 - негізгі динамиктің артқы жағындағы **AUDIO IN** ұяшығына және

- сыртқы аудио плейердегі құлақаспап ұясына.
- 2 3,5 мм аудио кіріс (AUDIO_IN) көзін таңдау үшін **AUDIO IN/AUX** түймесін қайталап басыңыз.
 - 3 Сыртқы аудио құрылғыда ойнатуды іске қосып, дыбыс деңгейін реттеңіз.
↳ Құрылғыдан музыка естуге болады.
 - 4 Музыка ойнатуды басқару үшін аудио ойнатқыштағы басқару элементтерін пайдаланыңыз.

OPTICAL IN немесе COAXIAL IN ұясы арқылы жалғаңыз:

- 1 Оптикалық немесе коаксиалды кабельді (жинақта берілмеген) төмендегілерге жалғаңыз:
 - негізгі динамиктің артқы жағындағы **OPTICAL IN** немесе **COAXIAL IN** ұясына.
 - сыртқы аудио құрылғыдағы тиісті сандық шығыс ұясына.
- 2 Оптикалық немесе коаксиалды аудио кіріс көзін таңдау үшін **OPT/COAX** түймесін қайталап басыңыз.
- 3 Сыртқы аудио құрылғыда ойнатуды іске қосып, дыбыс деңгейін реттеңіз.
↳ Құрылғыдан музыка естуге болады.
- 4 Музыка ойнатуды басқару үшін аудио ойнатқыштағы басқару элементтерін пайдаланыңыз.

AUX IN (L/R) ұялары арқылы жалғаңыз:

- 1 RCA аудио кабельдерінің (қызыл/ақ; жинақта берілмеген) жұбын төмендегілерге жалғаңыз:
 - негізгі динамиктің артқы жағындағы **AUX IN (L/R)** ұяларына.
 - сыртқы аудио құрылғыдағы аудио шығыс ұяларына.
- 2 RCA (қызыл/ақ) аудио кіріс (AUX) көзін таңдау үшін **AUDIO IN/AUX** түймесін қайталап басыңыз.
- 3 Сыртқы аудио құрылғыда ойнатуды іске қосып, дыбыс деңгейін реттеңіз.
↳ Құрылғыдан музыка естуге болады.
- 4 Музыка ойнатуды басқару үшін аудио ойнатқыштағы басқару элементтерін пайдаланыңыз.



Кеңес

- Оптикалық және коаксиалды аудио кіріс режимінде дыбыс кідірісінің уақытын реттеуге болады: 1) дыбыс кідірісін реттеуге кіру үшін **MODE/MONO/STEREO** түймесін басыңыз; 2) 00 мсек пен 200 мсек аралығынан кідіріс уақытын қою үшін **VOL +/-** түймесін басыңыз.

11 Өнім туралы ақпарат

Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Ерекшеліктер

Күшейткіш

Номиналды шығыс қуаты	2 x 80 Вт RMS
Жиілік жауабы	30 Гц - 20 кГц ±3 дБ
Сигнал-шу арақатынасы	> 80 дБ
AUDIO IN	600 мВ RMS, 22 кОм

Диск

Лазер түрі	Жартылай өткізгіш
Диск диаметрі	12 см
Қолдау көрсетілетін диск	CD-DA, CD-R, CD-RW, MP3-CD, WMA-CD
Дыбыс DAC	24 бит / 44,1 кГц
Гармоникалық мазмұн	< 0,8% (1 кГц)
Жиілік жауабы	30 Гц - 20 кГц (44,1 кГц)
С/Ш қатынасы	> 80 дБ

Тюнер

Реттеу ауқымы	FM: 87,5 - 108 МГц
Реттеу торы	50 КГц

Сезімталдық	
- Mono, 26 дБ С/Ш қатынасы	< 22 дБф
- Stereo, 46 дБ С/Ш қатынасы	< 43 дБф
Іздеуді таңдау мүмкіндігі	< 28 дБф
Гармоникалық мазмұн	< 2%

Динамиктер

Үндеткіштің номиналды қарсылығы	6 Ом + 2 x 3 Ом
Үндеткіш драйвері	104 мм вуфер + 104 мм вуфер + 33 мм твитер
Сезімталдық	88 дБ/1 м/1 Вт

Bluetooth®

Bluetooth® нұсқасы	V2.1 + EDR
Жиілік жолағы	2,402-2,480 ГГц ISM жолағы
Ауқымы	10 м (бос орын)

Жалпы ақпарат

Айнымалы ток қуаты	220-240 В, 50/60 Гц
Қуат үнемдеудегі тұтыну	< 0,5 Вт
Жұмыс үшін қуат тұтынуы	40 Вт
USB Direct	нұсқасы: 2.0HS
USB салу	≤500 мА
Мөлшері	
- Негізгі құрылғы (Е x Б x Қ)	300 x 985 x 300 мм
Салмағы	
- Қорабымен	30,7 кг
- Негізгі құрылғы	14,11 кг

USB құрылғысының ойнатылатыны туралы мәліметтер

Үйлесімді USB құрылғылары:

- USB флеш жады (USB 2.0 немесе USB 1.1)
- USB флеш ойнатқыштары (USB 2.0 немесе USB 1.1)
- жад карталары (осы құрылғымен жұмыс істеу үшін қосымша карта оқу құралдары қажет)

Қолданылатын пішімдер:

- USB немесе жад файлы форматы: FAT12, FAT16, FAT32 (сектор көлемі: 512 байт)
- MP3 арналған бит жылдамдығы (деректерді жеткізу жылдамдығы): 32-320 кбит/с және өзгертпелі бит жылдамдығы
- WMA v9 не одан бұрынғы
- 8 деңгейге дейін енгізулері бар каталогтар
- Альбомбар/ қалталар саны: ең көбі 99
- Жолдар/жазылымдар саны: ең көбі 999
- ID3 тәгі, 2.0 нұсқасы немесе одан кейінгі
- Unicode UTF8 форматындағы файл атауы (максималды ұзындығы: 128 байт)

Қолданылмайтын пішімдер:

- бос альбомдар: бос альбом - құрамында MP3/WMA файлдары жоқ және дисплейде көрсетілмейтін альбом.
- Қолданылмаған файл пішімдері өткізіліп жіберіледі. Мысалы, Word құжаттары (.doc) немесе .dlf кеңейтімді MP3 файлдары еленбейді және ойнатылмайды.

- AAC, WAV, PCM аудио файлдары
- DRM арқылы қорғалған WMA файлдары (.wav, .m4a, .m4p, .mp4, .aac)
- Lossless пішіміндегі WMA файлдары

Қолдау көрсетілетін MP3 дис форматтары

- ISO9660, Joliet
- Максималды тақырып атауы: 512 (файл атауының ұзындығына байланысты)
- Максималды альбом нөмірі: 255
- Қолдау көрсетілетін үлгі жиіліктері: 32 кГц, 44,1 кГц, 48 кГц
- Қолдау көрсетілетін бит жылдамдықтары: 32~256 (кбит/сек), ауыспалы бит жылдамдықтары

12 Ақаулықтарды жою



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы қорабын шешуші болмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз.

Бұл құрылғыны пайдалану кезінде қиындықтар орын алса, қызмет көрсету орталығынан сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер проблема шешілмесе, Philips веб-торабына (www.philips.com/support) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласарда, құрылғының жақында жерде және модель нөмірі мен сериялық нөмірінің бар екеніне көз жеткізіңіз.

Қуат жоқ

- Құрылғының АТ қуат сымның дұрыс қосылуын қамтамасыз етіңіз.
- АТ розеткасында қуат болуын қамтамасыз етіңіз.
- Қуатты үнемдеу мүмкіндігі ретінде жолды ойнату соңына жеткеннен кейін және ешқандай басқару болмаса, жүйе 15 минуттан кейін автоматты түрде өшеді.

Дыбыс жоқ немесе нашар

- Дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Динамиктер дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- Ашық динамик сымдарының қысылып қалған-қалмағанын тексеріңіз.

Құрылғыдан жауап жоқ

- Айнымалы ток қуат штепселін ажыратып, қайта қосыңыз, одан кейін жүйені қайтадан қосыңыз.
- Қуатты үнемдеу мүмкіндігі ретінде жолды ойнату соңына жеткеннен кейін және ешқандай басқару болмаса, жүйе 15 минуттан кейін автоматты түрде өшеді.

Қашықтан басқару құралы жұмыс істемейді

- Қандай да бір функция түймесін баспастан бұрын, алдымен негізгі құрылғының орнына қашықтан басқару құралымен дұрыс көзді таңдаңыз.
- Қашықтан басқару құралы мен құрылғы арасын жақындатыңыз.
- Батареяларды көрсетілгендей полярлықтарын (+/- белгілері) туралап салыңыз.
- Батареяларды ауыстырыңыз.
- Қашықтан басқару құралын құрылғының алдындағы сенсорға бағыттаңыз.

Диск таңдалмаған

- Дискіні салыңыз.
- Дискінің төмен қарап салынғанын тексеріңіз.
- Линзадағы ылғал конденсациясы тазаланғанша күтіңіз.
- Дискіні ауыстырыңыз немесе тазалаңыз.
- Пішімделген ықшам дискіні немесе дұрыс пішімдегі дискіні пайдаланыңыз.

USB құрылғысындағы кейбір файлдарды көрсету мүмкін емес

- USB құрылғысындағы қалталардың не файлдардың саны белгілі бір шектен асып кеткен. Бұл құбылыс ақаулыққа жатпайды.
- Бұл файлдардың форматтарына қолдау көрсетілмейді.

USB құрылғысына қолдау көрсетілмейді

- USB құрылғысы құрылғымен үйлесімді емес. Басқасын қолданып көріңіз.

Нашар радио сигналын қабылдау

- Құрылғы мен теледидар немесе бейнемагнитофон арасындағы қашықтықты көбейтіңіз.
- FM антеннасын толығымен ұзартыңыз.
- Оның орнына сыртқы FM антеннасын жалғаңыз.

Таймер істемейді

- Сағатты дұрыс орнатыңыз.
- Таймерді қосыңыз.

Сағат/таймер параметрін өшірілген

- Токқа кедергі келтірілген немесе электр шнуры ажыратылған.
- Сағатты/таймерді қалпына келтіріңіз.

Bluetooth байланысы сәтті орнағаннан кейін де құрылғыда музыка ойнату мүмкін емес.

- Құрылғыны осы құрылғы арқылы музыканы сымсыз ойнату үшін пайдалану мүмкін емес.

Bluetooth функциясы қосылған құрылғымен байланыс орнағаннан кейін дыбыс сапасы нашар.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны осы құрылғыға жақындатыңыз немесе олардың арасындағы барлық кедергілерді алып тастаңыз.

Бұл құрылғыға қосылу мүмкін емес.

- Бұл құрылғыға қажетті профильдерді құрылғы қолдамайды.
- Құрылғының Bluetooth функциясы қосылмаған. Бұл функцияны қосу әдісі туралы анықтама алу үшін құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- Бұл құрылғы жұптастыру режимінде емес.
- Бұл құрылғы Bluetooth арқылы басқа құрылғымен қосылып қойған. Бұл құрылғыны ажыратып, әрекетті қайталаңыз.

Жұптасқан мобильді құрылғы тұрақты қосылып ажырайды.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны осы құрылғыға жақындатыңыз немесе олардың арасындағы барлық кедергілерді алып тастаңыз.
- Қоңырау шалғанда немесе аяқтағанда, кейбір ұялы телефондар үнемі қосылып ажырауы мүмкін. Ол осы құрылғының ақаулығын білдірмейді.
- Кейбір құрылғыларда Bluetooth байланысы қуатты үнемдеу мүмкіндігі ретінде автоматты түрде өшуі мүмкін. Ол осы құрылғының ақаулығын білдірмейді.



Specifications are subject to change without notice.
2013 © WOOX Innovations Limited. All rights reserved.
This product was brought to the market by WOOX
Innovations Limited or one of its affiliates, further referred
to in this document as WOOX Innovations, and is the
manufacturer of the product. WOOX Innovations is the
warrantor in relation to the product with which this booklet
was packaged. Philips and the Philips Shield Emblem are
registered trademarks of Koninklijke Philips N.V.

